Докторант Мукушева Құралайдың «XX ғасыр басындағы қазақ көсемсөзі: ұлттық дүниетаным және «Дала» концепті» атты тақырыптағы «6D050400 – журналистика» мамандығы бойынша философия ғылымдарының (PhD) докторы дәрежесін алу үшін дайындалған диссертациясына рецензент

П І К І Рі

1. Зерттеу тақырыбының өзектілігі және жалпы ғылыми, жалпы мемлекеттік бағдарламалармен байланысы.

Қоғамдық ойлау жүйесінің қуатты көзіне айналған, ұлттың ұлы жолы мен мақсаттары, тарихы, мәдениетіне негіз болған Алашорда қайраткерлерінің көсемсөзінен қазақ дүниетанымындағы ауқымды мәселелер мен көзқарастарын, мұраттарын «Дала» концептісі арқылы көрсету – арнайы жеке көтерілмеген тақырып. Қазіргі көсемсөз дәуірінің эволюциялық дамуының заңдылықтарын бір жүйеге түсіретін Құралай Мукушеваның бұл диссертациясының ғылыми мәні зор, зерттеу обьектісіндегі көтерілген мәселелері өте өзекті. Біріншіден, «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мемлекеттік бағдарламаның талап-сұранысына толықтай жауап бере алуымен құнды. Екіншіден, БАҚ-тың қоғамның дамуына барынша ықпал етіп отырған дәл қазіргі кезеңінде публицистика жанрының қыр-сырын білу және меңгеру – журналистер үшін ғана емес, мемлекеттік салада істейтін барлық мамандар үшін де қат және қажетті зәрулік, демек, мемлекеттік және ғылыми үлкен сұраныс. Көсемсөздегі ұлттық дүниетанымды тіл айшығы арқылы қарастыру, ашу – тың тақырып, ал диссертанттың тақырыпты ашуда қойған мақсат мүдделерінің шешімі болашақта осы салада, осы бағытта жұмыс жасайтындар үшін пайдасы зор. Осы тұрғыдан алғанда зерттеу жұмысы XX-ғасыр басындағы көсемсөзді ұлттық құндылық тұрғысынан қарастыруы көңілге қонымды. Докторант қазақтың көсемсөз жанрының ұлттық дүниетанымдық өресінен бастау алғандығын дәлелдей отыра, газет бетінде жарияланған еңбектерді талдаған. «Дала» концептісіне қатысты ғылыми тұжырымдар көптеп келтірілген. Тақырып өзінің сонылығымен, тың болғанымен, басқа ғылым салаларымен байланыстылығымен ерекшеленеді. Ұлттығымызды сақтай отырып, әлемдік ғылымдағы «жаңашылдықтарды» бойға сіңіруі орынды. Ол үшін тарихымызды саралап, зерделеуіміз, талдай отырып, талқылауымыз керек. Зерттеу жұмысын жазу кезінде көптеген материалдарды қарастырғаны көрініп тұр. Ұлттық дүниетаным мәселелерін бүгінгі кезеңмен байланыстыра жазғаны қуантады. Бұл жұмыста журналистика, мәдениеттану, әдебиет, тілтану, әлеуметтану сияқты ғылымдар түйісіп, өте кең түрде қарастырылған. Ұлттық баспасөз туралы айтылған бірінші бөлімнің тарауы өте сауатты жазылған, сонымен қатар 2 тараудың мазмұны өте жақсы ашылғанын атап айтқым келеді. Тілі жатық, сауатты жазылған.

2. Диссертацияның ғылыми нәтижелері және оның негізделуі.

Бірінші нәтиже. XX ғасыр басындағы ұлттық көсемсөздің руханият пен қоғам дамуына қосқан үлесі жан-жақты сарапталған.

Екінші нәтиже. XX ғасырдың басында публицистиканың, публицистердің азаматтық, прагматизмдік позициясы бүгінгі көзқарас биігінен сараланған. Көрнекті ойшыл, ақын Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің ұлттық көсемсөздегі үлес салмағы айтылған.

Үшінші нәтиже. Алаш көсемсөзіндегі «Дала» концептіне қатысты авторлық саяси ойлар коды ашылған, «Дала» концептінің эмоционалды-этикалы тұрғыдан қазақ тіліндегі, мәдениетіндегі қабылдану ерекшелігін ашқан.

Төртінші нәтиже. Тарихи-мәдени маңызы бар «Дала» концептісі алаш баспасөзі деректерінен қарастырылып, алғаш рет ғылыми тұрғыда жете зерттелді. «Дала» концепті еркіндіктің ішкі де, сыртқы көрсеткіші болып табылып, қазақ көсемсөзінің XX-ғасыр басындағы ахуалына кешенді талдау жүргізілген.

Бесінші нәтиже. Зерттеу жұмысы «Рухани жаңғыру» бағдарламасымен сабақтастырылып, публицистиканың елшілдік мінез бен ұлт пайдасына қызмет еткенін аша отырып, қазақ баспасөзінің қалыптасуындағы дүниетанымдық бағыттар жеке бөліп қарастырылған. Көсемсөздің руханият пен қоғамның идеялық және әдеби-эстетикалық санасының дамуына қосқан үлесі тарихи-салыстырмалық тұрғыда жан-жақты сарапталып, тиісті деңгейде бағаланған.

Алтыншы нәтиже. XX-ғасыр басындағы көсемсөз жанрының ұлттық дүниетаным тұрғысындағы даму ерекшеліктері қоғамдық және гуманитарлық ғылым салаларының негіздерімен үйлестіріле талданған.

Жетінші нәтиже. Халқымыздың дербес елдігі үшін күрескен Алаш ардақтыларының қазақ даласындағы саяси, экономикалық, рухани мәселелерді көтерген ойлары бәсекелестіктің бастауы ретінде көрсетілген.

3. Әр нәтиженің (ғылыми қағиданың), ізденуші диссертациясы тұжырымдары мен қорытындыларының негізделуі және академиялық шынайылық дәрежесі.

Бірінші нәтиже. Диссертацияда тақырыпты зерттеудің әдіснамалық, деректік, мәтіндік негіздері жүйелі ғылыми сабақтастыққа құрылған да, осыған дейін мәлім болған маңызды ғылыми нәтижелер негізінде ұлттық көсемсөздің руханият пен қоғамның идеялық және әдеби-эстетикалық санасының дамуына тигізген әсеріне тарихи-салыстырмалы тұрғыда пайымдаулар жасалған.

Екінші нәтиже. XX-ғасыр басындағы көсемсөздің қалыптасып дамуына үлкен ықпал еткен Алаш зиялыларының тағылымдары мен ұлт-азаттық мұраттары осы бағыттағы тұжырымдамалық ұстанымдар аукымында пайымдалған. М.Ж.Көпеевтің публицистикалық еңбектері Алаш мұраттарымен тығыз сабақтастырылып, ұлттық зор құбылыс ретінде зерделенген.

Үшінші нәтиже. Кемеліне келген, көркем ойды жеткізуге жан-жақты қабілетті, шарықтау шағы келешекке иек артқан қазақ публицистикасының толысу тұсын, оның көркемдік және құрылымдық құбылыстарын белгілі уақыт межесінде қамтитын байыпты да терең ғылыми еңбектің теориялық сарануы мен пайымдалуы да, ойды дамыту тәсілдері де, қорытынды мен

тұжырымға негіз қалайтын тиянақтары мен қағидалары да жоғары талапқа сай.

Төртінші нәтиже. Диссертацияда қазақ публицистикасы концептілік жүйеде алғаш рет зерттелген. Соған орай зерттеуші:

– қазақ баспасөз жанрларының даму тарихы мен теориясына қатысты еңбектерді сараптап, қазақ дүниетанымы қалыптасуының тарихи кезеңдерін жан-жақты талдап, XX-ғасыр басындағы Алаш көсемсөзіндегі «Дала-қазақ жері – қазақ елі» тұтастығын іздестірген. Оның ұрпақ тәрбиесіндегі өзара ықпалдастығы мен байланысын жақсы ашып көрсеткен.

Бесінші нәтиже. «Рухани жаңғыру» бағдарламасының ел тарихындағы ұлттық ұғымдарды қалыптастырудағы орны екшеліп, «Дала» концептісі мұраттарымен сабақтастық мәселелері кең тұрғыда нақты мысалдар негізінде жан-жақты қарастырылған.

Алтыншы нәтиже. XX-ғасырдың басындағы көсемсөздегі дәстүр жалғастығы, рухани сабақтастық сияқты тарихи, әдеби құбылыстар мен ұғымдардың мәнін ашуға ізденіс жасаған. Диссертациялық жұмыс барысында ұлттық дүниетаным кеңістігіндегі рухани-этнологиялық, әдеби-мәдени жетістіктер мен іркілістер тарихи-салыстырмалы негізде толыққанды зерттеліп, қазақ көсемсөз туындыларында «Дала» концептісін құрайтын мазмұндық компоненттердің өсу үдерісі айқын тұжырымдалған.

Жетінші нәтиже. Диссертациядағы ғылыми жаңалықтың деңгейі негізінен үш бағытта анықталады.

Тұжырымдамалық тұрғыдан алғанда ізденуші публицистика жанры:

– Қазақ көсемсөзінің дамуына тарихи-этнографиялық, мәдениеттанушылық және философиялық құндылық басымдығын алғышарт еткен;

– Қазақ жазба тілін қалыптастыруға негіз қалаған;

– қазақтың тарихи ойын оятуға және дамытуға ұйытқы болған;

– қазақтың ұлттық идеясын қалыптастырған деген тұжырымды ғылыми негіздеген.

Тарихилық тұрғыдан алғанда қазақ публицистикасы:

– қазақ публицистикасының мазмұндық арқауының тарихи негіздері (XIX-ғасырға дейін);

– қазақ баспасөзіндегі публицистиканың қалыптасу кезеңі (XIX-ғасырдың екінші жартысы мен XX-ғасырдың басы);

– қазақ публицистикасының азаматтық позициясының кемелдену кезеңі (XX-ғасырдың басы) деп тұңғыш рет жүйелей қарастырған.

Теориялық тұрғыдан алғанда публицистика:

– әдебиет пен журналистиканың арасындағы салааралық жанр және ол басқа ғылым салаларымен тығыз байланыста болады;

– сондықтан да публицистика сөз өнерінің барлық саласына тел жанр деген тұжырым ұсынады.

4. Ізденушінің диссертациясында тұжырымдалған әрбір ғылыми нәтиже (қағида) мен қорытындының жаңашылдық деңгейі.

Бірінші нәтиже жаңа болып табылады. Диссертацияда тұжырымдалған ғылыми нәтижелердің, негізгі қорытындылардың жаңалық деңгейі жұмыстың үш тарауында тақырып бойынша жүйеленіп берілген тараушаларда нақты көрініс тапқан.

Екінші нәтижені де салыстырмалы түрде жаңа деп айтуға болады. Қазақ көсемсөзіндегі ағартушылық мұраттардың көрініс беруі тұрғысында Мәшһүр Жүсіп Көпеев мұрасына жете назар аударылып, ұлттық дүниетанымдағы орнына оңды баға берілген.

Үшінші нәтиже де жаңа болып табылады. Көсемсөздің руханият пен қоғамның идеялық және әдеби-эстетикалық санасының дамуына қосқан үлесі тарихи-салыстырмалық тұрғыда жан-жақты сарапталып, тиісті деңгейде бағаланған. Қоғамдық ойды дамытуда және тәуелсіздік идеясын насихаттауда жауынгерлік құралға айналған публицистиканың орны барынша жан-жақты ашып көрсетілген. Қазақ көсемсөз қаламгерлерінің тақырыптық және көркемдік ізденістері даралай сараланған. XX-ғасырдың басындағы қазақ публицистикасы бүгінгі күннің көзқарасымен сабақтастырыла талданған.

Төртінші нәтиже жаңа болып табылады. Диссертациялық жұмыс отандық интеграциялы зерттеулердің кең ауқымда дами түсуіне септігін тигізетін еңбек деп тануға болады. Диссертациялық тақырыптың өзі тұңғыш рет осындай кең де ауқымды, күрделі де терең, тың зерттеуге негіз қалаған.

Бесінші нәтиже мүлдем жаңа болып табылады. Себебі, «Рухани жаңғыру» бағдарламасы алғаш рет зерттеу нысанына енгізіліп, «Дала» концептісі мұраттарымен тығыз ұштастырыла зерттелген. Сондай-ақ, бұл ізденушінің журналистика саласында бұрын қарастырылмаған салааралық тақырыпты толық меңгергендігін танытады және мұның өзі мынадай нақты теориялық нәтижелерге қол жеткізген:

– адамдар мен елдер арасындағы заманауи әлеуметтік-экономикалық, саяси ахуалдардың, халықаралық байланыстардың кеңеюіне байланысты көсемсөздің концептілік өрісін зерттеу тіл табысу жолы болып табылады деп тұжырым жасаған.

Алтыншы нәтиже ішінара жаңа болып табылады. XX-ғасыр басындағы көсемсөз дамуының өзіндік ерекшеліктерін ұлттық философия, педагогика, психология, этнология, тіл білімі негіздерімен сабақтастыра зерттеу еңбектің құндылығын арттыра түседі.

Жетінші нәтиже де жаңа екенін айту керек, XX-ғасыр басындағы Алаш қайраткерлерінің еліміздің жалпы тарихи-мәдени құндылықтарын дамытудағы ағартушылық, қайраткерлік қызметі ұлттық мұраттармен тұтастықта қарастырылып, өзіндік ой-тұжырымдар жасалған. Алаш зиялыларының сол кездегі қоғамның рухани жетілуіне бағытталған ізгі мұраттары мен ұлттық тарихи-мәдени құндылықтарды дамытудағы тұлғалық болмыстары терең ашып көрсетілген.

5. Алынған нәтижелердің практикалық және теориялық маңыздылығы.

Диссертация материалдарын, жұмыстың ғылыми нәтижелерін қазақтың дүниетанымы мен қоғамындағы көсемсөзді қарастырғанда, бұқаралық

ақпарат құралдары тілін зерделегенде, қазақтың көшпелі мәдениеті мен бүгінгі жаңашылдықтар арақатынасын зерттегенде, қазақ журналистикасы бойынша еңбектер жазған кезде, оқу орындарында қазіргі ұлттық сананы жаңғырту жөнінде арнайы курстар жазған кезде пайдалануға болады.

6. Автордың даралық принципі, диссертация жұмысының ішкі бірлігі.

Ізденушінің мақсаты айқын, міндеті анық, тақырыбы нақты және оның зерттелу деңгейінің жоғары, кәсіби мамандық тәжірибесінің молдығы, тікелей осы салада дәріс оқуы – зерттеліп отырған тақырыбының құрылымын дұрыс құруға, соған сай мәселені анық қоя білуіне, дерек көзіне сүйене отырып пікірін ішкі бірлікте өрбітіп, мазмұн тұтастығын сақтай дамытуға тікелей игі ықпал жасаған. Зерттеуші тақырыбын ашу барысында даралығын таныта білген. Бұл оның Алашордашылардың мақалаларының ұлттық сананы ояту, күреске шақыру, өркениет жолындағы дүниетанымдық қағидаларын «Дала» концепті арқылы іздестіру, дәлелдеу тұстарында ерекше көрінеді. Ұлттық дүниетанымдық құндылықтарды жеке-жеке тарау арқылы тиянақтай тоқталып, ішкі мазмұндық бірлікті сақтай отырып, жүйелеген. Ізденіс жұмысының тұжырымдары, әдістемелік, тәжірибелік қажеттілікті өтеу жағы, ізденушінің жеке қолтаңбасына куә бола алады, бұл оның жұмысының шынайылығын танытады. Диссертацияның ішкі бірлігі талапқа сәйкес келеді.

7. Диссертацияның негізгі нәтижелері, тұжырымдары мен қорытындыларына байланысты жарияланымдардың растамасы.

Диссертациялық жұмыстың теориялық мәні мен мазмұнының тұжырымдарын құрайтын мәселелер бойынша ҚР БҒМ Білім және ғылым саласындағы қадағалау және аттестаттау комитеті белгілеген республикалық ғылыми басылымдарда жарияланған. Сонымен қатар Scopus базасына енетін нөлдік емес, импакт-факторы бар халықаралық ғылыми басылымдарда, халықаралық, республикалық ғылыми-практикалық конференция материалдарының жинақтарында баяндалып, мақұлданған.

8. Диссертация мазмұнына және рәсімделуіне қатысты кемшіліктер, ұсыныс-пікірлер.

Диссертацияның кейбір тұстарында грамматикалық, тыныс белгілік қателер кездеседі. Бұл ескертпелер зерттеушінің болашақтағы жұмыстарын жетілдіре түсуге септігі тисін деген ниетпен айтылып отыр. Олар диссертацияның мазмұнына, ғылыми-танымдық маңыздылығына, нәтижелерінің бағасына еш нұқсан келтірмейді.

9. Зерттеу жұмысының Ғылыми дәреже беру ережелерінің талаптарына сәйкестігі.

Диссертация жоғары теориялық деңгейде жазылған және қолданьалы сипатқа ие. Жұмыстың ішкі бірлігі бар және ғылыми нәтижелері жинақталған. Жоғары айтылғандарды негізге ала отырып, аталмыш диссертация ҚР Білім

және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің «Ғылыми дәреже беру ережелерінің» 2 бөлімінің талаптарына сай келеді. Ал оның авторы Мукушева Құралай Серікқызы 6D050400 – Журналистика мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға әбден лайық деп санаймын.

Қазақстан Жазушылар одағы
Басқарма төрағасының орынбасары,
филология ғылымдарының докторы,
профессор,
ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі **Бауыржан Жақып**